1. Осы «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 222112058, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 222112058, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – Сауалнама) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтама осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

турист – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

3. Зерттеу үй шаруашылығы мүшелерінен пікіртерім алу және мәліметтерді осы Сауалнамаға жазу жолымен жүргізіледі.

Үй шаруашылықтарын зерттеу кезінде 18 жастан асқан респонденттерден жауап алынады. Сауалнама үй шаруашылықтарының іріктеме жиынтығына түскен әрбір жеке алынған үй шаруашылығына толтырылады.

Егер үй шаруашылығы бір жыл ішінде бірнеше сапар жасаса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады. Егер үй шаруашылығының мүшелері бір бірінен бөлек сапарда болса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады.

Сұралатын респонденттi қосқандағы үй шаруашылығының барлық мүшелерінің шығыстары есепке алынады.

Отбасының барлық мүшелерінің шығыстар көлемі (оның ішінде 15 жасқа дейінгі балалардың) қосынды түрінде көрсетіледі.

4. 1-бөлімнің 1.5-тармағында ішкі туризм кезінде 1) тармақша, ал шығу туризм кезінде 2) тармақшасы толтырылады. Егер сапарда респонденттер екі немесе одан да көп межелі жерлерде болса немесе бірнеше елге барса, онда көбірек түнеген орын негізгі межелі жері болып саналады. Түнеген күндерінің саны бірдей болса, респонденттің әдеттегі тұрғылықты тұратын жерінен неғұрлым алыстағы жер межелі жері болып табылады.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 1) тармақшасында еңбек демалысы және демалыс көрнекті орындарды тамашалау, табиғи және жасанды объектілеріге бару, спорттық немесе мәдени іс-шараларға бару, спорт түрлерімен кәсіби емес тұрғыдан (шаңғы, атпен серуендеу, гольф, теннис, су астында жүзу, серфинг, жаяу жорықтар, бағдарлар, альпинизм) айналысу, жағажайларда демалу, жүзу бассейндерін және демалыс пен ойын-сауықтың кез келген орындарын пайдалану, круиздер, құмар ойындары, жастардың жазғы лагерьлеріне бару, демалыс үйлері, таңдаулы мейрамханаларға бару, үй шаруашылығының меншігіндегі немесе жалға алынған саяжай үйлерінде болуды қамтиды.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 2) тармақшасында туыстарына немесе достарға бару, үйлену тойларына, жерлеу немесе кез келген отбасылық іс-шараларға бару, науқастарды немесе қарттарды қысқа мерзімді күту көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 3) тармақшасы жұмыс берушілер немесе ұйымдар (тұлғалар) төлейтін қысқа мерзімді курстарға (бір жылдан аз) бару; оқытудың нақты бағдарламаларынан өту (ресми немесе бейресми) немесе ақылы оқу, тілдерді меңгеру, кәсіби немесе арнайы курстарды, ғылыми демалыстарды қоса алғанда, ресми курстар көмегімен нақты дағдыларды үйренуді қамтиды.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 4) тармақшасында емдік және сауықтыру емшараларына ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау және медициналық және

Күші жойылған

әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін ауруханалардың, клиникалардың, санаториялардың қызметтерін алу, теңіз және спа курорттарға, сондай-ақ медициналық жабдықтар мен қызметтерді қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін мамандандырылған мекемелерге бару жатады.

Емдік және сауықтыру емшаралары емдеу мекемесінде бір жыл бойы немесе одан көп болуды талап ететін ұзақ емделу туризм саласына жатпайтындықтан, тек қысқа мерзімді емделуді қамтиды.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 5) тармақшасында діни жиындар мен іс-шараларға қатысу, қажылық көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 6) тармақшасында қайта сату немесе келешекте қандай да бір өндірістік процесте пайдалану үшін (бұл жағдайда іскерлік және кәсіби мақсаттар орын алады) тауарларды сатып алуды қоспағанда, жеке тұтыну немесе сыйлықтар үшін тұтыну тауарларын сатып алу көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 7) тармақшасында іскерлік және кәсіби мақсаттар өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың және жалдамалы қызметкерлердің қызметін, егер ол қызметте баратын елдегі немесе жердегі өндіруші-резидентпен еңбек жалгерлік қатынастың нақты болуы немесе соны тұспалдайтын белгілері болмаса, инвесторлардың, бизнесмендердің қызметі есепке алынады.

Іскерлік және кәсіби мақсаттарға кеңестерге, конференцияларға, жәрмеңкелерге және көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе іргелі зерттеулерге қатысу, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жарнамалау, туристік саяхаттар бағдарламаларын құру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасасу, кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарында (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж (команда) құрамындағы жұмыс жатады.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 8) тармақшасында сапарлардың өзге де мақсаттарына еріктілер ретінде жұмыс істеу, жұмысқа орналасу және көші-қон мүмкіндіктерін зерделеу, төленбейтін қызметтің уақытша түрлерін жүзеге асыру жатады.

Күші жойылған

5. 1-бөлімнің 1.10-тармағында туристік жолдамаға кіретін шығыстар көрсетіледі, ал туристік жолдамаға кірмеген қалған барлық шығыстар 2-бөлімде көрсетіледі.

6. 2-бөлімдегі шығу туризмінде келушілердің өз еліндегі бажсыз тауарларға жұмсаған шығыстары сыртқа шыққанға дейін шығу келушілерінің шығыстары бойынша статистикалық деректерге енгізілмейді. Бажсыз тауарларды өзі тұрақты тұратын елінен тыс жерлерде сатып алған жағдайда, шығыстар шығу келушілерінің шығыстары бойынша статистикалық деректерге енгізіледі.

Туристік сапардағы шығыстар кез келген тәсілмен жүргізілген, (қолма-қол ақшаға, кредиттік карта, жол немесе жеке чекпен, шотты тікелей ұсыну, электрондық аударым) сондай-ақ басқа адам немесе ұйым-жұмыс беруші егер тек осы адам (ұйым) келген елдің резиденті болмаса, төленген шығыстарды қамтиды.

Туристік сапар барысында туристік шығыстардан коммерциялық мақсаттар үшін сатып алу (қайта сатуға немесе келушілердің кез келген санаты жүзеге асыратын өндірістің факторы ретінде, сондай-ақ өз жұмыс берушісінің атынан іскерлік сапар уақытында келуші жүргізген сатып алулар), күрделі қаржы салымдары немесе мәмілелер (келушілер жүзеге асыратын және жерге, тұрғын үйлерге, жылжымайтын мүлікке және өзге де маңызды сатып алынатын заттарға (автомашина, автофургон, катер, екінші үй) қатысты, тіпті егер олар болашақта туризм мақсатында пайдаланылса да), қолма-қол ақша (қандай да бір туристік тауардың немесе қызметтің төлеміне кірмейтін, демалыс сапары кезінде туыстарға немесе таныстарға берілетін, сондай-ақ қайырымдылық жарналар) алынып тасталады.

2-бөлімнің 1-бағанында республика шегінен тыс, сондай-ақ өзінің тұрақты тұратын жерінің шегінен тыс Қазақстанның аумағына демалуға шығатын респонденттер толтырады. Бұл бағанда шетелге сапарға шығу кезінде Қазақстан аумағында жүргізілген шығыстар (мысалы, Қазақстан аумағында қонақүйде немесе туыстарда тұру, жолда тамақтану), тұрғылықты тұратын орында жасалған ішкі туризм бойынша шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 2-бағанында шығу туризмі бойынша сапар кезіндегі шығыстарға Қазақстан аумағының шегінен тыс жүзеге асырылатын шығыстар жатады, ал ішкі туризм үшін тұрғылықты тұратын жерінің шегінен тыс жүзеге асырылатын шығыстар жатады.

Күші жойылған

Коммерциялық орналастыру құнына таңғы асты пайдаланатынына немесе пайдаланбайтынына қарамастан, таңғы ас тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде кірсе, жалпы құнды орналастыру шығыстары деп есептеу қажет және 2-бөлімнің 1.3-жолында көрсетіледі.

Алайда, тамақтану үшін түпкілікті шотқа енгізілетін бөлек төлем алынған жағдайда, оның құны тамақтану шығыстарына жатады және 2-бөлімнің 1.5-жолында көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.4-жолында келушілердің экскурсиялық қызметтерге, гидтердің қызметтеріне, театрлық, спорттық және ойын-сауық оқиғаларына алдын-ала тапсырыс берілген билеттерге, көлік билеттерін брондау қызметтеріне жұмсаған шығыстары көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.5-жолында тамақтану мен сусындарға жұмсалған сапарға дейінгі және сапар барысындағы шығыстар жатады.

2-бөлімнің 1.6.6-жолында 2-бөлімнің 1.6.1–1.6.5-жолдарында ескерілмеген тауарларды сатып алуға жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.6.5-жолы бойынша белгілі бір құндылығы бар бұйымдарға жұмсалған шығыстарға өндіру немесе тұтыну мақсатында қолданылмайтын, бірақ кейбір уақыт кезеңі ішіндегі құндық қор ретінде сақталатын, туристік сапар кезінде жеке пайдалану немесе сыйлық ретінде алынған айтарлықтай құнды тауарларға жұмсалған шығыстар жатады.

2-бөлімнің 1.7-жолы бойынша рекреациялық және спорттық іс-шараларға арналған шығыстарға демалыс саябақтарына, бұқаралық спорт имараттарына, ойын мекемелеріне, казино, спорт объектілеріне бару, бос уақыт және демалуға арналған тауарларды, спорттық мүкәммалдарды жалға алу және лизинг жатады.

2-бөлімнің 1.8-жолы бойынша мәдени көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарға театр көрсетілімдеріне, концерттерге, музейлерге, тарихи объектілер мен ғиммараттарға, ботаникалық бақтарға, хайуанаттар бағына, көрмелерге, фестивальдарға, конгресс-орталықтарына және конференц-орталықтарына бару жатады.

2-бөлімнің 1.9-жолы бойынша емдеу-сауықтыру емшараларына жұмсалған шығыстарға ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау және медициналық және әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін ауруханалардың,

Құқықтық жойылған

клиникалардың, санаторийлердің қызметтерін алу, теңіз және спа курорттарға, медициналық жабдықтарды қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін мамандандырылған мекемелерге бару, вакцинация, медициналық бақылау және массаж қызметтері жатады.

2-бөлімнің 1.10-жолы бойынша өзге де шығыстарға жүкшілердің, вокзалдардағы ақылы анықтамалар, сақтау камералары, пленканы айқындау, фотографияларды шығару, байланыс қызметі, интернет-кафелердің қызметтері жатады.

7. 3-бөлімнің 2-бағанында сапарға дайындық кезіндегі Қазақстан аумағында жұмсалған көлік шығыстары көрсетіледі (мысалы, әуежайға және вокзалға дейінгі көлік, шығар алдында автомашинаға жанармай құю).

3-бөлімнің 3-бағанында шығу келушілерінің сапар кезіндегі көлік шығыстарына Қазақстанның аумағынан тыс жерде жұмсалатын, ал ішкі келушілер үшін өзінің тұрақты жерінен тыс жерде жұмсалған шығыстары жатады.

Көлікте жол жүру билетінің құнына тамақтандыру енгізілген жағдайда, онда билеттің толық құны көліктік шығыс болып табылады ол 3-бөлімде көрсетіледі. Тамақтануға жеке төленген жағдайда, оның құны тамақтану шығыстарына жатқызылады және 2-бөлімнің 1.5-жолында көрсетіледі.

3-бөлімнің 6-жолындағы жеке меншік автомашинамен сапарға шығу кезіндегі көлік шығыстары, жанармай шығыстарын, автокөлік құралдарын жөндеу, қосалқы бөлшектерді сатып алу, тұраққа төлеу және ақылы автожолдардағы алымдарды қамтиды.

8. 5-бөлімнің 1.1 тармағындағы көрікті жерлерге бару ерекше назар аударуға лайықты, әйгілі немесе ғажайып, мысалы тарихи мұра болып табылатын, көркем құндылығы бар объектілерді және жерлерді көруді қамтиды.

5-бөлімнің 1.2 тармағындағы киелі жерлерге бару табиғаттық-ландшафттық объектілер сияқты киелі ескерткіштерге, «қасиетті» таулар сияқты үңгірлер, өзендер, шатқалдар, ескі қалашықтар, ерекше табиғи құбылыстар бар жерлерге, әулеттік ғибадатханалар, қорған және жерлеулер, діни табыну объектілеріне, ұлы шайқастардың және қаһармандықтың орындарына, ұлы әулие адамдардың өмір

Күші жойылған

сүрген жерлеріне, кесенелерге, ғибадатханаларға және өзге де табыну халықтың рухани дәстүрлері негізінің бірін құрайтын жерлердегі табиғи, мәдени және тарихи мұра ескерткіштеріне баруды қамтиды.

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 10.02.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 10.02.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді

Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 10 бұйрығына 5-қосымша

Приложение 5 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 19 декабря 2018 года № 10

Күші жойылған

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика органына ұсынылады

Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған

Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан коды 222110060

Код статистической формы 222110060

Н-060

Келушілерді зерттеу сауалнамасы

Анкета обследования посетителей

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 10.02.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 10.02.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Жылына екі рет	**Есепті кезең**	**Қаңтар** ☐	**жыл** ☐☐☐☐
Два раза в год	Отчетный период	**Январь** ☐	год
		Шілде	
		Июль	

Қазақстаннан шығу сәтінде әуежайларда, теміржол вокзалдарында, автостанцияларда және автомобильді өткізу бекеттерінде келушілерден (резидент еместерден) пікіртерім алынады

Опрашиваются посетители (нерезиденты) в аэропортах, на железнодорожных вокзалах, на автостанциях и на автомобильных пунктах пропуска на момент выезда из Казахстана

Интервьюерлер тапсыратын мерзім – 20 қаңтарға (қоса алғанда) және 5 шілдеге (қоса алғанда) дейін

Срок представления интервьюерами – до 20 января (включительно) и до 5 июля (включительно)

1. Аумақтың (елді мекеннің) атауы

Наименование территории (населенного пункта)

_____

2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің коды

Код населенного пункта согласно Классификатору административно-территориальных объектов (далее – КАТО).....

☐☐☐☐☐☐☐☐☐

3. Елді мекеннің типі (қала – 1, ауыл – 2)

Тип населенного пункта (1 – город, 2 – село).....☐

4. Интервьюердің коды

Код интервьюера.....

☐☐

5. Бланкінің реттік нөмірі

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 10.02.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 10.02.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Порядковый номер бланка.....

☐☐☐

6. Сауалнама алу күні ☐☐ **күні** ☐☐ **айы** ☐☐☐☐ **жылы**
Дата анкетирования число месяц год

Құрметті келушілер, төмендегі сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз

Уважаемые посетители, пожалуйста, ответьте на нижеследующие вопросы

2. Қазақстанға сапар туралы жалпы мәліметтер

Общие сведения о визите в Казахстан

1.1 Сауалнама жүргізілген орынды көрсетіңіз Укажите место анкетирования	**1) әуежай** аэропорт	☐	→	1.2
	2) теміржол вокзалы железнодорожный вокзал	☐	→	1.2
	3) автостанция	☐	→	1.2
	4) автомобильді өткізу бекеті автомобильный пункт пропуска	☐	→	1.2
1.2 Сізді қоса алғанда келгендердің санын көрсетіңіз Укажите количество приехавших, включая Вас лично	**1) барлығы** всего **олардан:** из них:	☐☐	→	1.3
	1.2) әйелдер женщины	☐☐	→	1.3
1.3 Сізді қоса алғанда жасы бойынша келгендерді көрсетіңіз Укажите количество приехавших по возрасту, включая Вас лично	**1) 15 жасқа дейін (балалар)** до 15 лет (дети)	☐☐	→	1.4
	2) 15-24 жас 15-24 лет	☐☐	→	1.4
	3) 25-34 жас 25-34 года	☐☐	→	1.4
	4) 35-44 жас 35-44 года	☐☐	→	1.4
	5) 45-54 жас 45-54 года	☐☐	→	1.4
	6) 55-64 жас 55-64 года	☐☐	→	1.4
	7) 65 жас және үлкен 65 лет и старше	☐☐	→	1.4

Күші жойылған

1.4 Соңғы 12 ай ішінде өзіңіз тұрған елді көрсетіңіз Укажите страну в которой Вы жили в течение последних 12 месяцев	**Ел коды (статистика органының қызметкерлері толтырады)** Код страны (заполняется работником органа статистики)	☐☐☐	→	1.5
1.5 Сіз өз сапарыңызды ұйымдастырдыңыз Вы организовали свою поездку	**1) интернет арқылы онлайн-travel агенттігінің көмегімен** с помощью online-travel агентства через интернет	☐	→	1.6
	2) туроператор немесе турагенттікқызметінің көмегімен с помощью услуг туроператораили турагентства	☐	→	1.6
	3) өздігінен самостоятельно	☐	→	1.6
	4) басқа другое	☐	→	1.6
1.6 Сіздің сапарыңыздың негізгі бір мақсатын көрсетіңіз. Егер сапар біріктірілген болса (демалыс және дүкен аралау), онда сапардың негізгі мақсаты, Сіз онсыз осы сапарды жасамауыңыз ықтимал болған мақсат Укажите одну основную цель Вашей поездки. Если поездка была совмещенная (отдых и посещение магазинов), то основная цель поездки – это цель, без которой Вы не совершили бы поездку	**1) еңбек демалысы және демалыс** отпуск и отдых	☐	→	1.7
	2) туыстар мен достарға бару посещение друзей и родственников	☐	→	1.7
	3) білім алу және кәсіби дайындық образование и профессиональная подготовка	☐	→	1.7
	4) емдік және сауықтыру емшаралары лечебные и оздоровительные процедуры	☐	→	1.7
	5) дін және қажылық религия и паломничество	☐	→	1.7
	6) дүкендерді аралау посещение магазинов	☐	→	1.7
	7) транзит транзит	☐	→	1.7
	8) іскерлік және кәсіби	☐	→	1.7

Күші жойылған

	деловые и профессиональные			
	9) өзге де мақсаттар прочие цели	☐	→	1.7
1.7 Қазақстанда сіз түнедіңіз бе? Вы осуществляли ночевки в Казахстане?	**1) иә** да	☐	→	2
	2) жоқ нет	☐	→	3

2. Сіз келген өңірлердің-орындардың атауын жазып және көрсетілген орналасу орындарында өткізілген түндер саны көрсетілген кестені толтыруды өтінеміз

Просьба заполнить таблицу, в которой необходимо прописать названия регионов - мест Вашего пребывания
и количество проведенных ночей в указанных местах размещения

Күші жойылған

Жол коды Код строки	**Елді мекеннің атауы (ауыл, аудан, қала) жазу үлгісімен (интервьюер толтырады) және ӘАОЖ кодын статистика органының қызметкерлері толтырады** Название населенного пункта (село, район, город) прописью (заполняет интервьюер) и Код КАТО, который заполняется работниками органа статистики	**Өткізілген түндер саны** Количество проведенных ночей							
		қонақ үй гостиница	**мотель**	**санаторий**	**туристік база** туристская база	**демалыс үйі** дом отдыха	**қала сыртындағы үй** загородный дом	**туыстар немесе таныстар тегін ұсынған тегін орналасу** размещение, предоставляемое бесплатно родственниками или знакомыми	
А	1	2	3	4	5	6	7	8	
1									
2									
3									
4									

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 10.02.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 10.02.2020
Дата скачивания 29.03.2024

5									

2.1 2-бөлімдегі ең көп өткізілген түндер саны көрсетілген елді мекеннің атауын (ауыл, аудан, қала) жазу үлгісімен (интервьюер толтырады) және ӘАОЖ кодын (статистика органының қызметкері толтырады) көрсетіңіз

Напишите название населенного пункта (село, район, город) прописью (заполняет интервьюер) и КодКАТО (заполняет работник органа статистики) из раздела 2, где было указано наибольшее количество проведенных ночей

3. Сапар кезіндегі көрсетілген қызметтерге кеткен шығыстарды көрсетіңіз[1], теңге

Укажите расходы на услуги во время визита[1], тенге

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Қазақстан аумағындағы сапарға шығыстар** Расходы в поездке на территории Казахстана
А	Б	1
1	**Сапарды іске асыру үшін Сіз қанша ақша жұмсадыңыз, барлығы** Какую сумму денег Вы израсходовали на осуществление поездки, всего	
1.1	**тұру** проживание	
1.2	**туристік агенттіктердің және операторлардың қызметтері** услуги туристских агентств и операторов	
1.3	**дүкендерде өнімдерді сатып алуды қоса алғанда тамақтану** питание, включая покупку продуктов в магазинах	
1.3.1	**мейрамханаларда және дәмханаларда тамақтану** питание в ресторанах и кафе	
1.4	**тауарлар сатып алу** покупка товаров	
1.4.1	**киім және аяқкиім бұйымдары** предметы одежды и обуви	
1.4.2	**кәдесыйлар және сыйлықтар** сувениры и подарки	
1.4.3	**техника** техника	
1.4.4	**тоқыма тауарлары (кілемдер, төсек жапқыштар және сол сияқтылар)** текстильные товары (ковры, пледы и тому подобное)	

Күші жойылған

1.4.5	**белгілі бір құндылығы бар бұйымдар:** **асыл металдар және тастар (қауһар тас, алтын, күміс), антиквариат, көркем өнер туындылары және басқа құндылықтарды сатып алу** приобретение изделий, обладающих определенной ценностью: драгоценные металлы и камни (бриллианты, золото, серебро), антиквариат, предметы художественного искусства и другие ценности	
1.4.6	**өзге тауарларды сатып алу** покупка прочих товаров	
1.5	**рекреациялық және спорттық іс-шаралар** рекреационные и спортивные мероприятия	
1.6	**мәдени көрсетілетін қызметтер** услуги культурные	
1.7	**емдік және сауықтыру емшаралары** лечебные и оздоровительные процедуры	
1.8	**өзге де шығыстар** прочие расходы	

Ескертпе:

Примечание:

[1] **Инвестициялық, коммерциялық және қайырымдылық сипаттағы шығыстарды қоспағанда, Қазақстан аймағында ғана сатып алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер құнын көрсету**

[1] Указывать стоимость купленных товаров и полученных услуг только на территории Казахстана, не включая расходы инвестиционного, коммерческого и благотворительного характера

4. Көлік шығыстарын (ең ұзақ шақырымды жүріп өткен бір көліктің түрі бойынша ғана әр бағаң бойынша шығыстарды көрсету керек) көрсетіңіз, теңге

Укажите расходы на транспорт (необходимо проставить расходы по каждой графе только по одному виду транспорта, на котором преодолели наибольшее расстояние), тенге

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Қазақстанға кіру және Қазақстаннан шығу кезіндегі көлік шығыстар** Расходы на транспорт при въезде в Казахстан и выезде из Казахстана	**Қазақстан аймағы бойынша жүру кезіндегі көлік шығыстар** Расходы на транспорт при перемещении по территории Казахстана
А	Б	1	2
1	**Әуе көлігі** Воздушный транспорт		

Күші жойылған

2	**Су көлігі** Водный транспорт		
3	**Теміржол көлігі** Железнодорожный транспорт		
4	**Халықаралық автобус** Международный автобус		×
5	**Қалааралық автобус** Междугородный автобус	×	
6	**Жеке меншік автомашина (жанармай)** Собственная автомашина (топливо)		
7	**Жалға алынған автокөлік құралдарын жалдау (4-бөлімнің 9-жолында шығыстары белгіленетін жанармайды қоспағанда)** Аренда автотранспортных средств, взятых на прокат (за исключением топлива, расходы которого отмечаются по строке 9 раздела 4)		
8	**Көліктің өзге де түрлері (такси, мотоциклдер, қалалық көлік және сол сияқтылар)** Прочие виды транспорта (такси, мотоциклы, городской транспорт и так далее)		
9	**Жанармай (жалға алынған автокөлік құралдарымен жүрген жағдайда)** Топливо (в случае передвижения на автотранспортных средствах, взятых на прокат)		

Күші жойылған

5. Сіз қазақстандық көлік компаниясының қызметтерін пайдаландыңыз ба? (4-бөлімнің 1-бағанынан жолдарды көрсеткендер)

Вы пользовались услугами казахстанской транспортной компании? (указавшие строки из графы 1 раздела 4)

1) иә ☐
да ☐
2) жоқ
нет

6. Сіз Қазақстанда болған кезіңізде немен айналыстыңыз? (жауаптардың бірнеше нұсқаларына жол беріледі)

Чем Вы занимались во время пребывания в Казахстане? (допускается несколько вариантов ответов)

1.1 **көрікті жерлерге бару** ☐
посещение достопримечательностей
1.2 **қасиетті жерлерге бару** ☐
посещение сакральных мест
1.3 **мәдени және спорттық іс-шараларға бару** ☐

посещение культурных и спортивных мероприятий

1.4 **сатып алу** ☐
покупки

1.5 **гастрономиялық тур** ☐
гастрономический тур

1.6 **спорт (қыстық және спорттың басқа түрлері)** ☐
спорт (зимние и другие виды спорта)

1.7 **экологиялық туризм** ☐
экологический туризм

1.8 **аң аулау** ☐
охота

1.9 **балық аулау** ☐
рыбалка

1.10 **отбасылық іс-шараларға қатысу (үйлену тойы, туған күндер және сол сияқтылар)** ☐
посещение семейных мероприятий (свадьбы, дни рождения и так далее)

1.11 **емделу** ☐
лечение

1.12 **өзге де** ☐
прочие _____

7. Сапар барысында Сіз қиындықтарға ұшырадыңыз ба? Иә

Сталкивались ли Вы с трудностями во время поездки? Да

1.1 **паспорттық бақылаудан өту кезінде** ☐
при прохождении паспортного контроля

1.2 **миграциялық қызметте тіркелу кезінде** ☐
при регистрации в миграционной службе

1.3 **жолаушылар көлігін пайдалану кезінде** ☐
при использовании пассажирского транспорта

1.4 **орналастыру орындарында (орналастыру орындары қызметкерлерінің шет тілін білмеуі, шектеулі сервис, қызмет көрсетудің төмен сапасы)** ☐
в местах размещения (незнание иностранных языков сотрудниками мест размещения, ограниченный сервис, низкое качество услуг)

1.5 **қала, көрнекі орындар, оқиғалар, іс-шаралар және басқалар туралы ақпараттар алу кезінде** ☐
при получении информации о городе, достопримечательностях, событиях, мероприятиях и другое

1.6 **көрнекі орындарға барған кезде** ☐
при посещении достопримечательностей

1.7 **тамақтану объектілеріне барған кезде** ☐
при посещении объектов питания

8. Бес баллдық шәкіл бойынша сапарға қанағаттану дәрежесін белгілеңіз «✔» (5-жақсы, 1-өте жаман)

Отметьте «✔» степень удовлетворенности поездкой по пятибалльной шкале (5 – отлично, 1 – очень плохо)

Күші жойылған

Жол коды Код строки	**Атауы** Наименование	**Қанағаттану дәрежесі** Степень удовлетворенности				
		5	4	3	2	1
А	Б	1	2	3	4	5
1	**Орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер** Услуги по размещению					
2	**Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің көрсетілетін қызметтері** Услуги объектов общественного питания					
3	**Көлік қызметтері** Услуги транспорта					
4	**Демалыс және ойын-сауық қызметтері** Услуги отдыха и развлечений					
5	**Экскурсиялық көрсетілетін қызметтер (гидтер қызметтері)** Экскурсионные услуги (услуги гидов)					
6	**Сіз жалпы сапармен қанағаттандыңыз ба** В целом удовлетворены ли Вы поездкой					

9. Сіз Қазақстанды немен байланыстырасыз? (жауаптардың бірнеше нұсқаларына жол беріледі)

С чем Вы ассоциируете Казахстан? (допускается несколько вариантов ответов)

1.1	**тамаша табиғат/пейзаж елі** страна красивых пейзажей/природы	☐
1.2	**қонақжай адамдардың елі** страна гостеприимных людей	☐
1.3	**көшпенді мәдениет елі** страна кочевой культуры	☐
1.4	**ұлы Дала елі** страна Великой степи	☐
1.5	**жарқын қалалар елі** страна ярких городов	☐
1.6	**ұмытылмас оқиғалар елі** страна незабываемых приключений	☐
1.7	**әртүрлі асханасы бар ел** страна с разнообразной кухней	☐
1.8	**асқар таулар мен сұлу көлдер елі** страна величественных гор и живописных озер	☐
1.9	**Ұлы Жібек жолы бойындағы ел** страна на Великом Шелковом пути	☐
1.10	**саяхат үшін қауіпсіз ел** безопасная страна для путешествий	☐

Құқық жойылған

10. Сіз Қазақстанға қайта оралуды қалар ма едіңіз?

Хотели бы Вы вернуться в Казахстан?

1) иә ☐	**2) жоқ** ☐	**3) білмеймін** ☐
да	нет	не знаю

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 10.02.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 10.02.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2018 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 10 бұйрығына
6-қосымша

«Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 222110060, индексі Н-060, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Күші жойылған

1. Осы «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 222110060, индексі Н-060, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 222110060, индексі Н-060, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтама осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

турист – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсатта кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

3. Келушілерге жеке пікіртерім жүргізу негізінде кездейсоқ іріктеме әдісімен осы зерттеуді жүргізуге уәкілетті тұлғалар ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

4. Сапар қандай да бір адамның оның тұрғылықты тұратын жерінен шыққан сәтінен бастап қайтып оралу сәтіне дейінгі саяхатын: демек, бару және кері қайту сапарын білдіреді. Сапар түрлі орындарға барудан тұрады. Кіру сапарлары елге кіру және одан шығу аралығындағы кезең саяхатына сәйкес келеді.

1-бөлімнің 1.5-тармағының «интернет арқылы online-travel агенттігінің көмегімен» деген 1) тармақшасында интернет желісі (әуе билеттері, орналасу орындарында тұру, автомобильдерді жалға алу, круиздер, демалыс пен бизнес үшін пакеттің турлары) арқылы туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді брондау және сатып алуды қарастырады.

1-бөлімнің 1.5-тармағының «Басқа» деген 4) тармақшасында Қазақстанға сапарды интернет арқылы брондаусыз және туроператор немесе турагент қызметін пайдаланбай, өздігінен ұйымдастырып келген шетелдік келушілер ескеріледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 1) тармақшасында еңбек демалысы және демалыс көрнекті орындарды тамашалау, табиғи және жасанды объектілеріге бару, спорттық немесе мәдени іс-шараларға бару, спорт түрлерімен кәсіби емес тұрғыдан (шаңғы, атпен серуендеу, гольф, теннис, су астында жүзу, серфинг, жаяу жорықтар, бағдарлар, альпинизм) айналысу, жағажайларда демалу, жүзу бассейндерін және демалыс пен ойын-сауықтың кез келген орындарын пайдалану, круиздер, құмар ойындары, жастардың жазғы лагерьлеріне бару, демалыс үйлері, таңдаулы мейрамханаларға бару, үй шаруашылығының меншігіндегі немесе жалға алынған саяжай үйлерінде болуды қамтиды.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 2) тармақшасында туыстарына немесе достарға бару, үйлену тойларына, жерлеу немесе кез келген отбасылық іс-шараларға бару, науқастарды немесе қарттарды қысқа мерзімді күту көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 3) тармақшасына жұмыс беруші немесе өзге ұйымдар (тұлғалар) төлейтін қысқа мерзімді курстарға (бір жылдан аз) бару, нақты оқу бағдарламасынан өту (ресми немесе бейресми) немесе ақылы оқу, тілдерді меңгеру, кәсіби немесе арнайы курстар, ғылыми демалыстарды қоса алғанда, ресми курстар көмегімен арнайы дағдыларды үйрену кіреді.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 4) тармақшасындағы емдік және сауықтыру емшараларына ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау және медициналық және әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін ауруханалардың, клиникалардың, санаториялардың қызметтерін алу, теңіз және спа курорттарға, сондай-ақ медициналық жабдықтар мен қызметтерді қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін мамандандырылған мекемелерге бару жатады.

Күші жойылған

Емдік және сауықтыру емшаралары емдеу мекемесінде бір жыл бойы немесе одан көп болуды талап ететін ұзақ емделу туризм саласына жатпайтындықтан, тек қысқа мерзімді емделуді қамтиды.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 5) тармақшасында діни жиындар мен іс-шараларға қатысу, қажылық көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 6) тармақшасында қайта сату немесе келешекте қандай да бір өндірістік процесте пайдалану үшін (бұл жағдайда іскерлік және кәсіби мақсаттар орын алады) тауарларды сатып алуды қоспағанда, жеке тұтыну немесе сыйлықтар үшін тұтыну тауарларын сатып алу көрсетіледі.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 7) тармақшасында транзит басқа межелі жерге барудың жалғасын қоспағанда, қандай да бір арнайы мақсатсыз кез келген орынға аялдау деп ұсынылады.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 8) тармақшасында іскерлік және кәсіби мақсаттар өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың және жалдамалы қызметкерлердің қызметін, егер ол қызметте баратын елдегі немесе жердегі өндіруші-резидентпен еңбек жалгерлік қатынастың нақты болуы немесе соны тұспалдайтын белгілері болмаса, инвесторлардың, бизнесмендердің қызметі есепке алынады.

Іскерлік және кәсіби мақсаттарға кеңестерге, конференцияларға, жәрмеңкелерге және көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе іргелі зерттеулерге қатысу, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жарнамалау, туристік саяхаттар бағдарламаларын құру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасасу, кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарында (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж (команда) құрамындағы жұмыс жатады.

1-бөлімнің 1.6-тармағының 9) тармақшасында сапарлардың өзге де мақсаттарына еріктілер ретінде жұмыс істеу, жұмысқа орналасу және көші-қон мүмкіндіктерін зерделеу, төленбейтін қызметтің уақытша түрлерін жүзеге асыру жатады.

5. 2-бөлімнің 1-бағанында респонденттің Қазақстандағы сапары барысында барған Қазақстанның елді мекендері көрсетіледі.

Күші жойылған

6. 3-бөлімде шығыстар баптарын толтырған кезде шамамен алғандағы соманы көрсетуге болады.

Келуші (ері (зайыбы) және балалары) толығымен төлейтін барлық шығыстар ескеріледі.

Келу туризмінде бажсыз тауарларға жұмсалатын шығыстар, егер осы сатып алу Қазақстан аумағында жасалса, туризмге жұмсалған шығыстарға кіреді. Қазақстанға кіргенге дейін сатып алынған тауарларға жұмсалған шығыстар алып тасталады.

Туристік сапардағы шығыстар кез келген тәсілмен жүргізілген, (қолма-қол ақшаға, кредиттік карта, жол немесе жеке чекпен, шотты тікелей ұсыну, электрондық аударым) сондай-ақ басқа адам немесе ұйым-жұмыс беруші егер тек осы адам (ұйым) келген елдің резиденті болмаса, төленген шығыстарды қамтиды.

Туристік сапар барысында туристік шығыстардан коммерциялық мақсаттар үшін сатып алу (қайта сатуға немесе келушілердің кез келген санаты жүзеге асыратын өндірістің факторы ретінде, сондай-ақ өз жұмыс берушісінің атынан іскерлік сапар уақытында келуші жүргізген сатып алулар), күрделі қаржы салымдары немесе мәмілелер (келушілер жүзеге асыратын және жерге, тұрғын үйлерге, жылжымайтын мүлікке және өзге де маңызды сатып алынатын заттарға (автомашина, автофургон, катер, екінші үй) қатысты, тіпті егер олар болашақта туризм мақсатында пайдаланылса да), қолма-қол ақша (қандай да бір туристік тауардың немесе қызметтің төлеміне кірмейтін, демалыс сапары кезінде туыстарға немесе таныстарға берілетін, сондай-ақ қайырымдылық жарналар) алынып тасталады.

3-бөлімнің 1.2-жолында келушілердің экскурсиялық көрсетілетін қызметтерге, гидтердің көрсетілетін қызметтеріне, театрлық, спорттық және ойын-сауық шараларының билеттеріне алдын ала тапсырыс, көлік билеттерін брондау бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалған шығыстары көрсетіледі.

Коммерциялық орналастыру құнына таңғы асты пайдаланатынына немесе пайдаланбайтынына қарамастан, таңғы ас тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде кірсе, жалпы құнды орналастыру шығыстары деп есептеу қажет және 3-бөлімнің 1.1-жолында көрсетіледі.

Күші жойылған

Алайда, тамақтану үшін түпкілікті шотқа енгізілетін бөлек төлем алынған жағдайда, онда оның құны тамақтану шығыстарына жатады және 3-бөлімнің 1.3-жолында көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.3-жолында сапар барысында тамақтану мен сусындарға жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.4.6-жолында 3-бөлімнің 1.4.1–1.4.5-жолдарында ескерілмеген тауарларды сатып алуға жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.4.5-жолы бойынша белгілі бір құндылығы бар бұйымдарға жұмсалған шығыстарға өндіру немесе тұтыну мақсатында қолданылмайтын, бірақ кейбір уақыт кезеңі ішіндегі құндық қор ретінде сақталатын, туристік сапар кезінде жеке пайдалану немесе сыйлық ретінде алынған айтарлықтай құнды тауарларға жұмсалған шығыстар жатады.

3-бөлімнің 1.5-жолы бойынша рекреациялық және спорттық іс-шараларға арналған шығыстарға демалыс саябақтарына, бұқаралық спорт имараттарына, ойын мекемелеріне, казино, спорт объектілеріне бару, бос уақыт және демалуға арналған тауарларды, спорттық мүкәммалдарды жалға алу және лизинг жатады.

3-бөлімнің 1.6-жолы бойынша мәдени көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарға театр көрсетілімдеріне, концерттерге, музейлерге, тарихи объектілер мен ғиммараттарға, ботаникалық бақтарға, хайуанаттар бағына, көрмелерге, фестивальдарға, конгресс-орталықтарына және конференц-орталықтарына бару жатады.

3-бөлімнің 1.7-жолы бойынша емдеу-сауықтыру емшараларына жұмсалған шығыстарға ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау және медициналық және әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін ауруханалардың, клиникалардың, санаторийлердің қызметтерін алу, теңіз және спа курорттарға, медициналық жабдықтарды қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін мамандандырылған мекемелерге бару. Сондай-ақ вакцинация, медициналық бақылау және массаж қызметтері жатады.

Күші жойылған

3-бөлімнің 1.8-жолы бойынша өзге де шығыстарға жүкшілердің, вокзалдардағы ақылы анықтамалар, сақтау камералары, пленканы айқындау, фотографияларды шығару, байланыс қызметі, интернет-кафелердің қызметтері жатады.

7. 4-бөлімде келушілердің көлік шығыстары көрсетіледі.

Көлікте жол жүру билетінің құнына тамақтандыру енгізілген жағдайда, онда билеттің толық құны көліктік шығыс болып табылады ол 4-бөлімде көрсетіледі. Тамақтануға жеке төленген жағдайда, оның құны тамақтану шығыстарына жатқызылады және 3-бөлімнің 1.3-жолында көрсетіледі.

Жеке меншік автомашинамен сапарға шығу кезіндегі көлік шығыстары, сондай-ақ жанармай шығыстарын, автокөлік құралдарын жөндеу, қосалқы бөлшектерді сатып алу, тұраққа төлеу және ақылы автожолдардағы алымдарды қамтиды.

8. 6-бөлімнің 1.1-тармағындағы көрікті жерлерге бару ерекше назар аударуға лайықты, әйгілі немесе ғажайып, мысалы тарихи мұра болып табылатын, көркем құндылығы бар объектілерді және жерлерді көруді қамтиды.

6-бөлімнің 1.2-тармағындағы киелі жерлерге бару табиғаттық-ландшафттық объектілер сияқты киелі ескерткіштерге, «қасиетті» таулар сияқты үңгірлер, өзендер, шатқалдар, ескі қалашықтар, ерекше табиғи құбылыстар бар жерлерге, әулеттік ғибадатханалар, қорған және жерлеулер, діни табыну объектілеріне, ұлы шайқастардың және қаһармандықтың орындарына, ұлы әулие адамдардың өмір сүрген жерлеріне, кесенелерге, ғибадатханаларға және өзге де табыну халықтың рухани дәстүрлері негізінің бірін құрайтын жерлердегі табиғи, мәдени және тарихи мұра ескерткіштеріне баруды қамтиды.

Күші жойылған